

XIXғ. Неміс философиясы.

Жоспар:

1. Классикалық неміс философиясы.
2. И.Канттың объективтік идеализмі
3. Фихте мен Шеллингтің философиясы
4. Гегельдің субъективтік идеализмі
5. Л.Фейербахтың антропологиялық материализмі

• **XIX ғ. неміс философиясы- әлем философиясы тарихындағы теңдесі жоқ құбылыс болды. Оның кейбір маңызды ерекшеліктері:**

- ✓ **Адамзат ғасырлар бойы сақтап келген ойлау бітімі мәселелерін терең зерттеп, болшақтағы философияның даму бағытын анықтады;**
- ✓ **Сол кезеңдегі белгілі барлық философиялық идеяларды зерделеп дүниеге жаңа көзқарас, тарихилық пен логикалықтың бірлігі диалектикасын қалыптастырды;**
- ✓ **Әлемдік философияның «алтын қорына» ондаған данышпан көрнекті философтарды қосты**

Бағыттары:

1. Объективтік идеализм (Кант, Шеллинг, Гегель);
2. Субъективтік идеализм (Фихте, Кант);
3. Материализм (Фейербах).

«Классикалық неміс философиясы»
терминін Ф.Энгельс айналымға енгізді. Бұл заңғар философия XVIII ғ. аяғы- XIX ғ. бірінші жартысында (30-шы жылдар) кең тарады. Капиталистік өндіріс әдісі дамыған Еуропа елдерінің ішінде Алмания экономикалық тұрғыда мешеу қалған ел еді. Бірақ осыған қарамай немістерде рухани төңкеріс болды. Осы жағдайды сипаттай келе Ф.Маркс: «Француз буржуазиялық революциясының немістік теориясы болды» деген баға берді.

Неміс классикалық философиясының маңызы:

- ✓ Диалектикалық дәстүрді жаңғыртып, дүниеге диалектикалық логика ілімін әкелді.
- ✓ Философияның логикалық-теориялық аппаратын мейлінше дамытты.
- ✓ Философияның дәстүрлі мәселелерін (болмыс, ойлау, таным т.б.) зерттеуді адам болмысын зерттеуге аударды.
- ✓ Субъективтік және трансценденталдық идеализмнен объективтік идеализмге өту.
- ✓ Философияның ғылыми білімдер, жүйесі ретінде ұғынды.
- ✓ Тарихи принципті негізге алды.
- ✓ Тарихты, қоғам дамуын философиялық мәселе тұрғысынды қарастырды.

Иммануил Кант (1724-1804)



– неміс классикалық философияның негізін қалаған. Оның өмірін екі кезеңге бөлуге болады: 1 - сыншылдыққа дейінгі кезең;
2 - сыншылдық кезеңі.

Сыншылдыққа дейінгі кезеңде ол жаратылыстану ғылымдарымен айналысты.

Сыншылдық кезеңде Канттың ықыласы, ақыл-ой, сана қызметі, таным мәселесі, логика, этикамен айналысты.

Негізгі еңбектері: “Таза ақылға сын” (1781ж.); “Практикалық ақылға сын” (1788ж.); “Пікір қабілетіне сын” 1790ж.).

Кант тұңғыш рет танымның құрылымын, шығу тегін, шекарасын және қызметін анықтауды мақсат етті. Өзіне 4 сұрақ қойды:

- 1. Мен не біле аламын?(метафизика, яғни философия);
- 2. Мен не істеуім керек? (мораль);
- 3. Мен неге-кімге сенуім керек? (дін);
- 4. Адам дегеніміз не?-кім? (антропология).

Бірінші сұраққа Кант былай жауап берді: адам санасы құрылымдық үш форманы құрайды: **сезімдік, пайым, парасат**. Сезімдік түйсіктер арқылы дүниені танып біледі.

Кантқа дейін түйсіктер бізге білім емес, тек пікір береді делінген. Кант біздің түйсіктер негізінде сезімдіктің априорлы формаларының жатқанын дәлелдейді (априори – тәжірибеге дейінгі), яғни білімнің тәжірибеге дейінгі формалары. Осыдан шығатын қорытынды, сезімдер бізге шынайы ғылыми білім береді, демек жаратылыстану (математика, физика және тб) ғылым!

Біздің парасат үш идеяны құрайды:

- жан туралы идея – психология,
- дүние туралы идея – космология;
- Құдай туралы идея – теология.

Дүние

```
graph TD; A[Дүние] --> B[НОУМЕНАЛДЫ]; A --> C[ФЕНОМЕНАЛДЫ];
```

НОУМЕНАЛДЫ

(мәндер)

Ноуменалды дүниені танып білу үшін білімді адамгершілікпен біріктіру керек, себебі тек адамгершілігі таза адам дүниенің мәнін танып біледі.

ФЕНОМЕНАЛДЫ

(құбылыстар)

Сезімдік пен пайым тек феноменалды дүниені танып білуге мүмкіндік береді.

Канттың гуманист екені осыдан көруге болады. 2-ші сұрақтың жауабы – ***әрдайым адамгершілікті болу керек.***

3-ші сұрақтың жауабы - ***адам өзіне және Құдайға үміттені алады;***

4-ші сұрақтың жауабы – ***адам екі дүние тұрғыны – еркіндік және қажеттілік.*** Еркіндік

адамгершіліктік заңдарға бағынады.

Кант екі максимадан (ережеден) тұратын атақты “категориялық императивті” қалыптастырды.

Бірінші максима (ереже). Адам өзінің қылығы өзгелерге үлгі болардай әрекет жасау керек.

Екінші максима (ереже). Адам өзге адамға амал ретінде емес, мақсат ретінде қарау керек.

- Кант философиясы трансценденталдық деп аталады, себебі адам білімінің негізінде жалпылама, универсалды, трансцендентті негіз бар, оны біз априорлы, тәжірибеге дейінгі деп атадық.

Кант қоршаған дүние, шындықтың ақиқи мәнін табуға болмайды деген агностицизм ілімінің өкілі.

Канттың атақты таза парасатының төрт антиномиясын көрсетейік:

1 антиномия- кеңістік пен уақыттың шектілігі туралы.

✓ **Тезис:** Дүниенің уақытта басталуы бар және кеңістікте шектелген;

✓ **Антитезис:** Дүниенің уақытта да, кеңістікте де басталуы да, шекарасы да жоқ, ол шексіз;

II антиномия- жай және күрделі туралы.

✓ **Тезис:** Дүниедеге бар нәрсе жай заттардан құралған;

✓ **Антитезис:** Дүниеде жай зат деген жоқ, бәрі күрделі ;

Канттың атақты таза парасатының төрт антиномиясын көрсетейік:

III антиномия- еркіндік пен себептілік туралы.

- ✓ **Тезис:** Дүниеде әйтеуір бір еркін себептер бар;
- ✓ **Антитезис:** Дүниеде ешқандай да еркіндік жоқ барлығы қажеттіліктен туындайды;

IV антиномия- жай және күрделі туралы.

- ✓ **Тезис:** Құдай бар. Дүниенің себебі ретінде шартсыз қажетті бір күш мәнділік бар;
- ✓ **Антитезис:** Құдай жоқ. Дүниенің себебі ретінде ешқандай да абсолюттілік, шартсыз күш, мәнділік жоқ барлығы кездейсоқтықмәнділік бар;

- Осы соңғы антиномиядан таза парасаттың **теологиялық идеясы** туындайды: «Құдайдың бар екенін дәлелдеуге болмайды, бірақ Оның жоқ екенін де дәлелдеуге болмайды».

Иоганн Готлиб Фихте (1762-1814)

Субъективтік идеализмнің өкілі. Шығармалары: «Жалпы ғылыми ілім негіздері», «Адам тағылымы», «Тұйық сауда мемлекеті», «Жаңа философияның күндей айқын мәні» және т.б. Фихте философиясының негізгі идеялары мен маңызы:

- Канттың «өзіндік зат» пен «құбылыс» дуализмін жоққа шығарды;
- Танымдағы ойлаудың шығармашылық, белсенділік ролін көрсетті;
- Қайшылық пен терістеуді қарастырды;

Иоганн Готлиб Фихте (1762-1814)

- Триадалық («тезис-антитезис-синтез») схеманы болжады;
- Өзінің таным әдісін «диалектикалық» емес, «антитетикалық» деп атады, яғни, тезис пен антитезис қарсы қойылмайды, керісінше бірге ұйғарылады;
- Философияны ғылымның ғылымы, ғылым теориясы немесе ғылыми ілім тұрғысында қарастырды

Фридрих Вильгельм Йозеф Шеллинг (1775-1854)

Объективтік идеализм өкілі. Шығармалары: «Табиғат философиясының идеялары», «Трансценденталдық идеализм жүйесі», «Өнер философиясы», «Мифология философиясы», «Аян философиясы». Шеллинг шығармашылық өмірбаянын төрт кезеңге бөлуге болады:

- Натурфилософиялық немес табиғат философиясы;
- Трансценденталдық идеализм;
- Барабарлық философия кезеңі;
- Аян философиясы.

- Натурфилософияда ол табиғатты түсіндіруді объективтік идеализм аясында қарастырды;
- Трансценденталдық идеализм жүйесінде сана әуелі субъект «Мен» формасында айналасындағы қоршаған дүниені танып біледі;
- Барабарлық идеясын философияның негізгі мәселесі ретінде қарастырды



Георг Вильгельм Фридрих Гегель (1770-1831 жж.) – диалектикалық логиканың негізін салған «Жаңа дәуірдің Аристотелі». Еңбектері – «Рух феноменологиясы», «Философия ғылымдарының энциклопедиясы» және тб.

Гегель философия ғылымын үш бөлікке бөледі:

- ✓ Логика- өзінде және өзі үшін болатын идея туралы ғылым;
- ✓ Табиғат философиясы- өзінің болмысында болатын идея туралы ғылым;
- ✓ Рух философиясы- өзінің өзге болмысынан өзіне қайтып оралатын идея туралы ғылым

Табиғат философиясы мен Рух философиясы-логиканың жүзеге асатын формалары.

Гегель философиясын **панлогизм** деп те атауға болады, яғни, ойлудың өзінде – және өзі – үшін бастама және дүниелік ойлау болу керек.

Адам және дүние субстанциясы Ақыл, Абсолюттік идея, Ойлау, сондықтан оның философиясын Абсолюттік, немесе объективтік идеализм деп атайды.

Бұл Абсолюттік идея:

- Жалғыз ақиқи шындық;
- Барлық қоршаған дүние, заттар мен құбылыстардың бастапқы себепшісі;
- Өзіндік санаға және жасампаздық қабілетке ие әлемдік рух.

Гегель философия тарихында тұңғыш рет диалектика ұғымын нақты теория, ғылым, ілім дәрежесіне жеткізіп, оған анықтама берді. Оның диалетикасының негізін **триада**, яғни қозғалыс, даму циклдер – триадалармен жүреді – олардың әрқайсысы 3 кезеңнен тұрады: **ТЕЗИС- АНТИТЕЗИС – СИНТЕЗ.**

Мұндағы *тезис* – дамудың бастапқы кезеңі, *антитезис* – бұл кезеңді терістеу, *синтез* терістеуді терістеу. Даму спираль тәрізді жүреді.

Гегель философия тарихында тұңғыш рет диалектика ұғымын нақты теория, ғылым, ілім дәрежесіне жеткізіп, оған анықтама берді. Ол диалектиканы дамудың жалпы теориясы және танымның жалпылық әдісі деп түсінді.

- ✓ Ұғымдардың өзіндік қозғалысы туралы ілім;
- ✓ Даму туралы және барлық тіршіліктегінің өмірлік күші қайшылық туралы ілім;
- ✓ Диалектика, логика және таным теориясының барбарлығы;

- ✓ Әлемдік рух, «нақты рух»- адам, қоршаған дүние мен құбылыстар, процесстер –бәрі қарама-қарсы бастамаларды өздерінде сақтайды;
- ✓ Бұл бастамалар бір-бірімен қайшылықта бола тұра, сонымен бірге өзара қатынастағы бірлікте болады;
- ✓ Қарама-қарсылықтардың бірлігі мен күресі-диалектиканың өзегі, ядросы бүкіл дүниенің тіршілігі мен дамуының негізі;
- ✓ **Даму** абстрактіден нақтылыққа өрлеу, тарихилық пен логикалықтың жеке, ерекше және әмбебаптылықтың бірлігінде жүзеге асады

Табиғат философиясы үш құрамдас бөліктен тұрады:

- ✓ Механика: кеңістік пен уақыт- материя және қозғалыс- абсолюттік механика;
- ✓ Физика: жалпылық жекелік физикасы- ерекшелік жекелік физикасы- әмбебаптық (тоталдық) жекелік физикасы;
- ✓ Органика: геологиялық табиға- өсімдік табиғат- хайуанат организмі

Рух философиясы да үш бөліктен тұрады:

- ✓ Субъективтік рух: антропология- рух феноменологиясы- психология;
Субъективтік рух – жеке адам санасы, жаны («өзі үшін рух»);
- ✓ Объективтік рух: құқық-моральдік-әдептілік (үй іші, қоғам, мемлекет);
Объективтік рух-рухтың келесі сатысы, «тұтас қоғам рухы»
- ✓ Абсолюттік рух: өнер-дін-философия.

Гегель философия пәні мейлінше ауқымды болуы тиіс және өзіне кем дегенде мына құрамдас бөліктерді кіргізуі керек дейді:

- ✓ Табиғат философиясы
- ✓ Антропология
- ✓ Психология
- ✓ Логика
- ✓ Мемлекет философиясы
- ✓ Адамзаттық қоғам философиясы
- ✓ Құқық философиясы
- ✓ Тарих философиясы
- ✓ Дін философиясы
- ✓ Өнер философиясы
- ✓ Философия тарихы
- ✓ Эстетика
- ✓ Диалектика-әмбебаптық заңдар мен принциптер ақиқаты және т.б.

Людвиг Фейербах (1804 – 1872 жж.)



-Философиясының басты бағыты – неміс классикалық идеализмін сынау және материализмді негіздеу.

Негізгі шығармалары:
«Гегель философиясына сын», «Христиандық мәні», «Діннің мәні туралы лекциялар», «Философия тарихы» т.б.

Негізгі идеялары: діннен толықтай қол үзу (атеизм) және көпғасырлық діни ықпалдан арылу;

- Құдай мен дінді адам табиғатынан іздеу, оны материалистік көзқарас тұрғысынан түсіндіруге тырысу;
- Табиғат - ең ақиқи шындық , ал адам – табиғаттың жоғарғы жемісі;
- “ **Құдай адамды емес, адам құдайды жаратты**”.
- Дінді махаббатпен алмастыру.

Гегельдің объективтік идеализміне тайталас Фейербах
антропологиялық материализмді алға тартты:

- Шындықтағы жалғыз шындық- табиғат пен адам;
- Адам табиғат бөлігі;
- Адам- материалдық пен руханилықтың бірлігі;
- Адам философияның негізгі мәселесі.
- Идея өз бетінше өмір сүре алмайды, ол адам санасының жемісі;
- Табиғат (материя) мәңгі, әрі шексіз, оны ешкім жасаған жоқ және оны ешкім жоя алмайды;
- Бізді қоршағанның бәрі (нәрселер, құбылыстар)- материяның әрқилы көрінісі.

Сонымен бірге, Фейербах Құдай мәселесіне көңіл аударды

- Діннің мәні -адам жүрегі, ал Құдай бейнесі- адамның мәнінің жатсынуы;
- Құдай мәселесін антрополгиямен тығыз байланыстырды;
- Дін-мифологиялы-фантастикалық, қияли идеология, ол шындықпен еш қабыспайды;
- Діннің кең тарауы- адамның надандығы мен ауыр өмір сүру жағдайына байланысты;
- Діннің тамыры- адамның қоршаған дүниеге тәуелділігі, қорғансыздығы, дәрменсіздік сезімінен туындайды;
- Құдайды ойлау- адамды жұбатады, оны үрей мен аффекттердег сақтайды;
- Құдайды адам ойлап тапқан, адам ақылының жемісі, шын мәнінде жасаушы Құдай емес, адам.

- **Классикалық неміс философиясы әлемдік философияның дамуына зор ықпал етті**
- XIX ғ. Екінші жартысынан бастап, классикалық философия дәстүрі әртүрлі сынға ұшырап, екі жарым мың жылдық тарихы бар философиялық мән мен таным мәселесінің орнына «Өмір», жеке адам, құбылыс, психологиялық және т.б. Мәселелерді қарастыру белең алды. Осы дәуірде классикалық неміс философиясын, әсіресе, гегельдік философияны сынаудың екі бағыты көзге түсті